## Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, Премьер-министрдің орынбасарлары және Министрлер Кабинеті Аппараты Басшысының арасында міндеттерді бөлу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 8 тамыз N 1103. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, Премьер-министрдің орынбасарлары және Министрлер Кабинеті Аппараты Басшысының арасында міндеттерді бөлу бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 8 тамыздағы
N 1103 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі,
Премьер-министрдің орынбасарлары және Министрлер
Кабинеті Аппараты Басшысының арасында
Міндеттер бөлу

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі
Ә.М.Қажыгелдин

Министрлер Кабинетінің қызметіне тікелей басшылық жасау, министрліктердің, ведомстволардың, басқа да мемлекеттік басқару

органдарының, облыстардың Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің республиканы экономикалық және әлеуметтік дамыту жөніндегі жұмысын үйлестіру.

Реформаларды жеделдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл бағдарламасын іске асыру.

Мемлекеттік инвестициялық саясатты, халықаралық қатынастарды үйлестіру. Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жалпы мәселелері, Экономикалық реформалар орталығына басшылық жасау.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары
В.Л.Метте

Материалдық өндіріс, ғылыми-техникалық прогресс, сыртқы және ішкі сауда, қайталама ресурстарды пайдалану салаларын мемлекеттік басқару мәселелері, Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссияның, Ғылым мен техника жөніндегі жоғары консультативтік кеңестің, әртүрлі тендерлер мен конкурстар өткізу жөніндегі комиссиялардың қызметіне басшылық ету.

Сыртқы экономикалық қызмет, жекелеген кәсіпорындарды шетелдік инвесторлардың уақытша басқаруына беру мәселелері.

Өнеркісіп және сауда министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Казгеодезия, Мемлекеттік стандарттау комитеті, Қазпатент, Атом энергиясы жөніндегі агенттігі, Ұлттық аэроғарыш агенттігі, Қорғаныс өнеркісібі жөніндегі комитеті, Сауда-өнеркәсіп палатасы, Мемлекеттік аттестациялық комитетті жұмысының мәселелері.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары
Н.Қ. Есенғарин

Республика экономикасын жүргізудің, аумақтық басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасаудың жалпы және жедел мәсклелері. Қорғанысминінің, шекара әскерлері мен жұмылдырушылық даярлығының жедел мәселелері.

Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы, халық шаруашылығын жұмылдыру даярлығы, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және мемлекеттік материалдық резервтері, Азаматтық қорғаныс штабы, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Құрылысмині, ТМД елдерімен

ынтымақтастық жөніндегі, Мемкентехқадағалау мемлекеттік комитеті жұмысының мәселері.

Жұмыс берушілер және кәсіподақтар бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасау, әлеуметтік әріптестік мәселелері, жедел мәселелер, ұйымдық-басқару құралымдары жөніндегі, Каспий теңізінің проблемалары жөніндегі комиссияларға басшылық ету және ретіне қарай басқа да міндеттер.

Премьер-министрдің орынбсары
В.В.Соболев

Экономикалық реформаға жедел басшылық жасау.

Басқару органдары қызметінің тиімділігін арттыру және олардың құрылымын жетілдіру. Мемлекеттік мүлікті басқару мәселелері мен жекешелендіру мәселелері. Кедендік-тариф және монополияға қарсы саясат.

Республиканың бюджеті мен индикативті болжам-жоспарларын әзірлеуге басшылық жасау, олардың орындалуын бақылау, қаржы, валюта және баға саясатын қалыптастыру.

Жұмыспен қамту, еңбек және жалақы төлеу әлеуметтік қорғау, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері.

Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Еңбек министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитеті, Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі және Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеттері, Кеден комитеті, Ұлттық және басқа банктер жұмысының мәселелері.

Премьер-министрдің орынбасары
А.С. Есімов

Агроөнеркәсіп кешені және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету салаларының қызметін үйлестіру. Ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсатуды дамыту мақсатында инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру. Табиғатты пайдалану және айналадағы ортаны қорғау мәселелері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Экология және биоресурстар министрлігінің, Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазгидрометтің мәселелері.

Премьер-министрдің орынбасары
И.Н.Тасмағамбетов

Ішкі саясат мәселелері, әлеуметтік ілімді, мәдениет, білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары, денсаулық сақтау, туризм спорт саласындағы бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру.

Әлеуметтік-саяси процестерді, ұлтаралық қатынастарды зерделеу.

Білім министрлігінің, Мәдениет министрлігінің, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің, Жастар ісі, Туризм және спорт министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттіктің, Қазбасархивтің, ҚазТАГ, Қазаққинаның, Ұлттық ғылым академиясының, Дін істері жөніндегі кеңестің, Қазақстан Республикасы сіңірген айрықша еңбегі үшін зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссия Хатшылығының , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігінің, Ономастикалық және Терминологиялық комиссиялардың, Министрлер Кабинеті Баспасөз қызметінің мәселелері.

Премьер-министрдің орынбасары - Әділет министрі
Н.А. Шайкенов

Бірыңғай құқықтық саясат әзірлеуді ұйымдастыру, республикада сот-құқық реформасын жүргізу, нарықтық қатынастарға көшудің құқықтық актілерін әзірлеу, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, құқық қорғау органдары жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру, оларды ұйымдық және материалдық нығайту, қылмыскерлікпен күрес мәселелері; Қазақстан Республикасының заңдары мен басқа да нормативтік актілерін құқықтық сараптауды ұйымдастыру; Министрлер Кабинеті заң шығару бастамашылығы тәртібімен енгізетін заң жобаларын әзірлеу; республиканың мүдделері қозғалатын ТМД-ның нормативтік актілеріне заңгерлік баға беру.

Министрлер Кабинетінің Бас прокуратурамен, Жоғарғы сотпен, Жоғары Төрелік сотпен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Әділет министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің мәселелері.

Аппарат Басшысы Б.М.Сапарбаев

Министрлер Кабинетінің қызметін қамтамасыз ету жөнінде Аппарат бөлімдерінің жұмысын ұйымдастыру.

Министрліктердің, ведомстволардың, басқа да мемлекеттік басқару органдарының, жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру.

Үкіметтің нормативтік актілері мен республика Басшылығының тапсырмаларын орындамағаны үшін министрліктер мен ведомстволар басшыларын, жергілікті әкімдерді тәртіптілік жауапкершілігіне тарту туралы ұсыныстар әзірлеу.

Министрлер Кабинетінің Жоғарғы Кеңеспен, Президент

Аппаратымен және жергілікті әкімдермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын кадрлар жөнінде ұсыныстарды зерделеу мен енгізу.

Министрлер Кабинетінің басшылығы өз жұмысын ұйымдастыруда акционерлік және холдинг компаниялармен, басқа да республикалық органдармен, қоғамдық және басқа ұйымдармен қызметтің өзі басқаратын бағыттары бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

Министрлер Кабинеті басшыларының бірін-бірі ауыстыруының мынадай тәртібі белгіленеді:

Ә.М.Қажыгелдин - В.Л.Метте
В.Л.Метте - Н.Қ.Есенғарин
В.В.Соболев - А.С.Есімов
А.С.Есімов - И.Н.Тасмағамбетов
И.Н.Тасмағамбетов - Н.А.Шәйкенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК